

СӨЖ 1

Орындаған:

Алимова Нурбике

Иманқажынов Алибек

Сабыркен Олжас

Топ: ҚҚ 211(Қаржы)

ҚАРАСТЫРАТЫН ТАҚЫРЫПТАР

1. Философияның адам және қоғам өмірінде атқаратын рөлі.
2. Қазақ халқының өмір сүру салтымен байланысты категориялар: Өмір, Өлім, Араласу, Намыс, Парыз, Кісілік.
3. Орта ғасырдағы мұсылман философиясы.

ҚЫСҚАША ТҮСІНІК

Философия ғылымының мәнін және мақсатын анықтау үшін философия туралы философия тарихында айтылған анықтамаларды қарастырып көрейік, себебі, К. Ясперстің сөзімен айтсақ, философиялық пайымдау дегеніміз философия тарихына үнілу.

- Философия даналықпен, ақыл-оймен байланысты. **Философия** терминінің өзі грек тілінен аударғанда **phileo** — сүйемін, **sophia** — даналық дегенді, басқаша айтсақ, даналыққа құштарлы дегенді білдіреді.
- Философияның басы — *таңдану*. Сократ «Менің білетінім — мен ештеңе білмеймін» дегендей, таңданған адам заттың, құбылыстың себебіне тереңдеп үніледі, философиялық пайымдау жасауға ұмтылады.
- Философиялық білімге *еркіндік, тәуелсіздік* тән.
- Адам философиялық білім жинауға өз еркімен ұмтылады. Тәуелділік философияны көркейтпейді. Кеңетік кезеңдегі философияның мазмұны бұл пікіріміздің жақсы мысалы.
- Философия *ақылды ойлау мәдениетін* қалыптастырады. Бұл — байыпты, ғылыми, толерантты, еркін, творчестволық ойлау.
- Философия жауабын табу қиын, тез арада шешу мүмкін емес, күрделі мәселелерді зерттеумен айналысады. Мысалы, адам өмірінің мәні мәселесі, табиғат, қоғам, және адамның арақатынасы мәселесі мәңгілік мәселелер болып саналады.

1. Философияның адам және қоғам өмірінде атқаратын рөлі.

Сократ: «Философия – ойлау арқылы ақиқатқа, білімге жету»

Геродот: «Философия – білімді, ақылдылықты сүю»

Аристотел: «Философия – ғылымдар негізі».

Августин: «Философия – ақылдылыққа күштарлық» – дейді.

Аквинат: «Философия – барлық ақиқаттың негізі болатын ақиқат (Құдай) туралы ілім»- дейді.

М. Монтень: «Философияның қайғылы, іш пыстыратын, нәрселерге еш қатысы жоқ. Даналықтың ерекше бір белгісі – ақылдың көмегімен өмірді қуанышты сипатта ғана қабылдау, ол жан жарасын жеңілдетеді, ауруды жеңуге көмектеседі» – дейді.

Т. Гоббс: «Философия адамның ақыл-ойы, ол жаратушы тәңірдің барлық істерін зерттеуші, осы істердің ретін, себептерін, салдарын анықтауға көмектеседі» дейді.

Декарт: «Философия – даналық, адам танып-біле алатын заттар туралы егжей-тегжейлі, жан-жақты білім»-дейді.

Фихте: «Ғылыми даму барысында оның шеңберінен шығып кеткенімен, философия адамның ақыл-ойымен тығыз байланысты»-деген.


ФИЛОСОФИЯ –

- *Философияның анықтамасы: Философия – бар болып отырғанды (сущее) тұтас, элементтері бірі-бірімен тығыз байланысты түрде қарастыратын, оның даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.*
- Осы бар болып отырғанның арасындағы басты элемент – *Адам*, сондықтан ол философияның ең басты зерттеу объектісі. М.Әуезов: «Философия...- кең ақыл, терең қиял шығарған, адамның жанын тәрбиелейтін, жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып, ақтылыққа сүйрейді.
- Философия:
 - адамның қайдан жаралғанын шешпек;
 - адамның жанын, ішкі халін тексермек;
 - адамның дүниеге келген мақсатын тексермек.
- Философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстаған шамшырақ» дейді.

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

- Бұл ойларды неміс философы И.Канттың сөздерімен толықтыруға болады:
- Мен не біле аламын?
- Мен не істеуім керек?
- Мен не нәрсеге үміттенем аламын?
- Адам дегеніміз не?
- Бірінші сұраққа *метафизика* жауап береді, екіншісіне *мораль*, үшіншісіне — *дін*, төртіншісіне — *антропология*.
- Бірақ осының бәрін антропологияда жинақтауға болады, себебі алдыңғы үш сұрақ соңғыға кіреді. ...Адамға аса қажет білім болса, ол мен оқытып отырған, адамға дүниеден өз орнын табуға көмектесетін ғылым және одан адам болу үшін не істеуді үйренуге болады».

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ



Философияның адам мен қоғам өміріндегі орны аса зор

1) философия жеке адамның, әсіресе, жоғары оқу орында білім алушы маманның Тұлға ретінде қалыптасуына маңызды ықпал етеді.

2) Философия адамға өмірлік бағыт-бағдар береді.

3) Философия дұрыс, ақылды ойлай білуге, өзі туралы тереңірек ойлануға әсерін тігізеді.

2. Қазақ халқының өмір сүру салтымен байланысты категориялар: өмір, өлім, араласу, намыс, парыз, кісілік.

Қазақ дүниетанымы көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Ғылыми әдебиетте көшпелі өркениет туралы ортақ түйін-тұжырым жоқ. Европоцентризм көшпелі мәдениет туралы жағымсыз пікір қалыптастырғаны белгілі.

Шындығында, салмақты сараптау жүргізсек, көшпелі өмір салтының ерекшеліктері, мәдени-шығармашылық потенциалы өте мықты екендігін және оның қазақ дүниетанымының басты ұғымдарының қалыптасуына негіз болғанын көреміз.

Қазақ халқының философиялық дүниетанымының басты категориясы - **өмір**. Өмірдің құндылығын және оның мәнін анықтаушы – өмірмен диалектикалық бірлікті құрайтын өлім.

Біз осылайша қазақ дүниетанымының негізгі категорияларына ғана тоқталдық. Көзіміз жеткендей, қазақ халқының көшпелі өмір салтының негізінде қалыптасқан өзіндік философиялық дүниетанымы бар және ол терең мазмұнды, толыққанды категорияларда бейнеленген.

өмір

- Өмірдің құндылығын және оның мәнін анықтаушы – өмірмен диалектикалық бірлікті құрайтын өлім.

Араласу

категориясы қазақ дүниетанымында адам мен қоғамның, адам мен адамның арасындағы қарым-қатынасты білдіреді.

Намыс

қазақ халқының түсінігінде ең жоғарғы адами қасиеттердің бірі, тіпті ең бастысы.

Парыз

- адамды өз болмысын адамгершіліктік құндылықтарға сай қалыптастыруға мәжбүрлейтін этикалық категория.

Кісілік

- адам болып өмір сүрудің жоғары деңгейі. Қазақтың “кісілік” ұғымы қазіргі “тұлға” (личность) ұғымына сәйкес деп ойлаймыз.

«Исламдық орта ғасырлық мәдениет контекстіндегі арабтық- мұсылмандық философия»





Араб философиясы


Арабтардың ықпалында болған және Орта Шығыс халықтары мен арабтар жасаған философияны айтады. Ортағасырда философияны негіздеуге атсалысқандар түрлі ұлттардың өкілдері болғанмен өз еңбектерін бәрі де араб тілінде жазғандықтан, “араб философиясы” емес, “арабтілді философия” деп атау қабылдаған.

Орта ғасырлық арабтілді философия дамуы

1. VII-IX ғғ – арабтілді философияның тууы мен қалыптасуы
2. IX-XV ғғ – арабтілді философияның ежелгі грек философиясын қабылдауы, игеруі. Арабтілді философияның араб-грек



Әбу Насыр Әл-Фараби (أبو نصر محمد الفارابي) Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870-950 ж. ш.) - әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Абайдың Фараби еңбектерімен таныстығы жөнінде нақтылы мәліметтер жоқ. Дегенмен Сағдидық: «... философияға, даналыққа зор мән берген Абай әл-Фараби, ибн Синалармен таныс болуымен бірге осы ғақпиялар



Араб философиясын жаңа деңгейге көтерген ойшыл.

Ибн Сина:

1. Мұсылман теологтарының біржақтылығын, догматизм әжуалады.
2. Философияны діннен ажыратуға тырысты
3. Философия адам ақылының жетістіктерін жүйелейтін дербес ғылым деп есептеді
4. Философиялық идеаларды жаратылыстаным ғылымының, өзінің медициналық жаңалықтарын енгізді
5. Құдайдың бар екенін мойындағанымен, оның құдіретінің шексіздігіне

Мұсылмандық философияның ең бірінші түрі КАЛАМ деп аталады

Xғ мұсылмандық (Батыс және Шығыс) перипатетизм(аристотелизм) дамыды. Мұсылмандық философияда маңызды орынды мистикалық философия(суфизм) иеленді. Калам VIII-XV ғ мұсылмандық философиядағы ағымның атауы(арабтың “калам” сөзі “әңгіме”, “ойтолғау” мағынасын береді). Каламды жақтаушылар мутакаллимдер деп аталады. Каламды жақтаушылар мутакаллимдер деп аталады. Каламды “мұсылмандық схоластика” деп атауға болады: калам исламдағы діни идеаларды рационалды тұрғыдан негіздеудің алғашқы талпынысы. Ортағасырлық дәуірдегі еуропалық схоластика сияқты, калам да мұсылмандық мәдениетте “құдайтанудың қызметшісі” рөлін атқарады.

, антикалық философияға екіұдай қатынасты ұсынады: мұсылмандық ойшылдардың бірі антикалық философияны білу-діни сенім ақиқаттарын терең түсіну үшін қажет деп санаса, екіншілері философияны білу қажеттінің бәрі Құран деп сенді. Араб авторларының бірінде калам туралы: “калам – философтардың метафизикасын терістеу үшін – Құдай, оның атрибуттары және ислам заңдары бойынша болуы мүмкін, нәрселердің шарттары туралы ілім” деген анықтама берді.

1.

- Алғашқы кезең (VII соңы-VIII ғ басы аралығы). Өз дамуының алғашқы кезеңінде калам мұсылмандық құдайтану шеңберінде дамыды. Бұл кезеңде иудаизм мен христиандық діндер өкілдерімен жүргізілетін полемика маңызды орында. Кең талданатын орталық мәселелерге мыналар жатады:
- Үлкен және кіші күнәлар мәселесі. Олардың ара-жігін ажырату және ұлы күнә жасаған адам статусы, яғни содан кейін де ол мұсылман болып қалама?
- Құдіреттің жазуы-ислам догматтары бойынша Алла әрбір адамның тағдырын ол туылғанға дейін белгілеп қояды. Құдіреттің жазуын мойындау адамның өзі жасаған әрекеті мен күнәлері алдындағы жауапкершілік туралы мәселе қояды: “Адамның күнәға бататындығы Алланың жазуы болса, сол үшін адам жауапта ма? Жоқ па?”

НАЗАР
САЛҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!
